

**Өскемен қаласы әкімдігінің 2023 жылғы
4 мамырдағы № 1436**
**«Өскемен қаласы бойынша коммуналдық
көрсетілетін қызметтерді ұсынудың Қағидаларын
бекіту туралы»
қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3 бабының 16) тармақшасы, «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 бұйрығына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Өскемен қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызмет-

тер Қағидалары бекітілсін.

2. «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ресми жарияланғаннан кейін Өскемен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Өскемен қаласының
әкімі**

А. Ақышов

<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen?lang=kk&ysclid=mr359gbj567682250> қаулының толық нұсқасымен сайтта танысуға болады.

#ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

«Қауіпсіз шот» – алаяқтардың жаңа айласы: Ұлттық Банк ескерту жасады

Телефон арқылы арбауға түсіретін алаяқтардың айласы күрделеніп барады. Ұлттық Банк соңғы уақытта өзін мемлекеттік орган өкілі ретінде таныстырып, азаматтарға психологиялық қысым жасайтын қоңыраулар көбейгенін мәлімдеді.


Қаскөйлер көбіне байланыс операторларының, емханалардың, пошта қызметінің немесе eGov порталының қызметкері болып хабарласады. Олар SIM-картаның мерзімін ұзарту, медициналық тексеріске тіркеу не салық құжаттарын реттеу секілді сылтаулар айтып, азаматтардың телефонына келген SMS-кодтарды сұрап алады.

Мұнымен шектелмей, артынша «электронды үкіметтің қолдау қызметінен» хабарласып тұрғанын айтып, сіздің атыңызға бөтен адамдар кредит рәсімдеуге әрекет жасап жатқанын жеткізеді. Кейін «мәселені шешу үшін» құқық қорғау органдарымен байланыстыратынын айтып, түрлі сілтемелер жібереді.

– Бұдан кейін өзін құқық қорғау органы қызметкері деп таныстыратын алаяқтар психологиялық қысым көрсету арқылы рәсімделген кредит заңсыз әрекеттерді қаржыландыруға бағытталғанын айтып, шоттар бұғатталады деп қорқытады. Сөздерін растау үшін қолдан жасалған қызметтік куәлік көрсетеді, – деп ескертті Ұлттық Банк.

Кейін қаскөйлер әңгімені «Ұлттық Банк маманына» бағыттап, азаматтарға «ақшаңызды қорғаудың жалғыз жолы – қаражатты «қауіпсіз» шотқа аудару» деп түсіндіреді. Кейбір жағдайда адамдарды жаңа кредит алуға итермелеп, алтын бұйымдары мен бағалы заттарын курьер арқылы жіберуге көндіреді.

«Мұндай кезде алаяқтар қоңырауды әдейі үзбейді. Осылайша олар адамның сабырға келіп, туыстарымен немесе ресми органдармен байланысуына мүм-



кіндік бермеуге тырысады», – делінген хабарламада.

Ұлттық Банк азаматтарды күмәнді сілтемелерге өтпеуге және ешкімге SMS-код, карта деректері мен жеке мәліметтерді бермеуге шақырды.

– Өзін қандай да бір мемлекеттік органның немесе Ұлттық Банктің қызметкері ретінде таныстыратын бейтаныс біреуден қоңырау түскен жағдайда, әңгімені дереу тоқтатып, мән-жайды анықтау үшін әр азамат өз бетінше ресми нөмірлерге қоңырау шалып білгені жөн, – деп түсіндірді реттеуші.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің азаматтарға видео-қоңырау шалмайтынын, жеке шоттарға қызмет көрсетпейтінін және ақша аударуды талап етпейтінін еске салды.

– Алаяқтық әрекетке тап болған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына тиісті арызбен жүгінуге кеңес береміз. Консультация алу үшін 1477 қысқа нөмірі арқылы Ұлттық Банктің байланыс орталығына хабарласуға болады, – деп қорытындылады бас банк.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Пәтер сатып алмас бұрын құрылыс нысанының заңдылығына және құрылыс салушының барлық қажетті рұқсат құжаттарының болуына міндетті түрде көз жеткізіңіз.

Облыста үлескерлердің қаражатын тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі тетіктер арқылы жүзеге асырылады:

– екінші деңгейдегі банктің қатысуымен;

– «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ кепілдігімен;

– жергілікті атқарушы органның рұқсаты негізінде.

Үлестік құрылыс нысанының заңдылығын және үлескерлер қаражатын тартуға берілген құжаттардың бар-жоғын Nomerportal.kz ресми порталынан тексеруге болады.

Бүгінгі таңда өңірде үлескерлер қаражатын тарта отырып, келесі заңды үлестік құрылыс нысандары іске асырылуда:

Екінші деңгейдегі банктің қатысуымен:

– «Viva Life» ТК

– «Asyl Tau» ТК

– «Asyltas» ТК

«Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ кепілдігімен:

– «Asylum» ТК

– «Золотой квадрат» ТК

– «Престиж» ТК (Sparkle Diamond)

Жергілікті атқарушы органның рұқсатымен:

– «Orda» ТК

– «Tumar Towers Oskemen» ТК

– «Айналайын» ТК

– «Belgravia» ТК

– «BS Holding Easton» ТК

– «Eco Polis» ТК

– «Park Line» ТК

– «Renesans» ТК

Қаржылық тәуекелдерге жол бермеңіз. Тұрғын үй сатып алу кезінде құрылыс салушы мен құрылыс нысаны туралы ақпаратты алдын ала мұқият тексеріңіз.

ТИІМДІ АКЦИЯДАН ҚАПЫ ҚАЛМАҢЫЗ!

«DIDAR» газетіне хабарландыру беру арқылы сіз бір уақытта бірнеше жарнама алаңына ие боласыз:

- altainews.kz сайтында жариялау;
 - Компанияның Instagram, TikTok және Telegram-дағы ресми аккаунттарына орналастыру;
 - Интернет-радио эфирінде хабарлау.
- Хабарландыруыңыз газетте де, әлеуметтік желілерде де жарияланады, радиодан да беріледі.
Бір хабарландыру – барынша кең аудитория!

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Жансат» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Аблакетское» кен орнының диориттерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету аймағы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. а., Өскемен қ. Жер учаскелерінің жалпы ауданы 152 593 м2 (15,2593 га) құрайды. Координаттар: 1. 49°54'36,1"се, 82°41'13,0"шб; 2. 49°54'41,96"се, 82°41'6,97"шб; 3. 49°54'48,95"се, 82°40'57,99"шб; 4. 49°54'52,9"се, 82°40'55,23"шб; 5. 49°54'53,59"се, 82°40'57,86"шб; 6. 49°54'52,18"се, 82°41'0,51"шб; 7. 49°54'53,22"се, 82°41'2,94"шб; 8. 49°54'49,0"се, 82°41'15,0"шб; 9. 49°54'45,0"се, 82°41'21,0"шб; 10. 49°54'41,0"се, 82°41'23,0"шб.

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 13 тамызда сағат 15:00-де** мына мекенжай бойынша өтеді: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ. а., Өскемен қ., Островский к-сі, 20/1, «Өскемен қаласы әкімдігінің мәдени қызметі және бұқаралық спортты дамыту орталығы» КМҚК. Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді (ашық жиналыс және ZOOM платформасында бейнеконференция). Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/84303609560?pwd=Mk8aeYRlPKvaZ45a4bc6bE6m5pB6DQ.1>.

Конференция идентификаторы: 843 0360 9560

Кіру коды: 796662.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Интернет желісіне қосылу мүмкін болмаған жағдайда тыңдаулар офлайн режимінде өткізілетін болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында <https://ndbecology.gov.kz/>, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімінде танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, e-priroda.gov.kz «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Өскемен қаласы, К.Либкнехт көшесі, 19 мекенжайы бойынша «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылданады, тел.: 8 (7232) 25-70-82. Электрондық мекенжайы: d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жансат» ЖШС, 070015, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Самар тас жолы, 29-ғимарат, БСН 040840000696, e-mail: tooass_yur@mail.ru, тел: +7 (777) 301-20-03.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоПроект және аудит» ЖШС, 070003, ШҚО, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 8/1. Тел: 8 (777) 331-12-00, e-mail: ecoproektaudit@gmail.com, БСН: 180640009674.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: ecoproektaudit@gmail.com және тел: +7 (777) 331-12-00.

Байланыс телефоны: +7 (777) 281 62 25

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы бойынша 2026 жылдың 26 мамырында **«Дигам» ЖШС** Зайсан – Ертіс облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы және Күршім балық инспекция бөлімінің мамандарымен бірлесіп, Бұқтырма су қоймасының сол жақ жағалауын және ҮМЗ демалыс базасынан Көкжыра учаскесіне дейін қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде 20 км аудан тазартылып, 1,7 тонна қоқыс пен ау қалдықтары жағадан шығарылды. Акцияға 21 қызметкер және 7 автокөлік жұмылдырылды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ 8-777-239-76-82

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:

MARKETING@ALTAYNEWS.KZ